

УДК 341.018

**МЕМЛЕКЕТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ  
СУБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ**

**Айболатова Диана Айболатовна**

[dajbolatova@bk.ru](mailto:dajbolatova@bk.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің заң факультеті

«халықаралық құқық» мамандығының 3 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж. Зукай

Халықаралық жауапкершілікті жүктеу бойынша қатынастар көбінесе мемлекеттердің қатысуымен болады. Мемлекет халықаралық қатынастарда бірыңғай тұтастық ретінде әрекет етеді. Алайда, халықаралық құқық теориясы ұсынған мемлекет анықтамасы оның белгілеріне назар аударады, мәселен, егемендік, мемлекеттік билік, салықты орнату, құқықтық жүйе және т.б. Мұндай ұстаным мемлекет қандай жағдайда жауапкершілік субъектісі болатыны туралы сұраққа жауап бермейді. Сондықтан да халықаралық жауапкершілік бойынша мемлекеттің элементтері мемлекет органдары, лауазымды тұлғалар, индивидтер болып табылатын бірыңғай әлеуметтік механизм ретінде тану керек деп В.А. Василенко айтады [1].

Халықаралық құқық теориясы мен халықаралық сот және арбитраждық органдарда аталған субъектілердің қайсысының әрекеті мемлекеттің жауапкершілік жүктелуіне жататындығына қатысты пікірлер бірлігі жоқ. Бұл халықаралық құқық тарапынан бірінші дәрежелі мәнді объективтік жақ мағынасында мемлекетке әрекетті ауыстыруды білдіреді.

Халықаралық қатынастар бірінші кезекте сыртқы саясат іске асатын, сондай-ақ мемлекеттің ішкі саясаты да көрініс тапқан жария билік қатынастарында құрылады. Демек, ең маңыздысы өз органдарының қызметі үшін мемлекет қашан жауапкершілікке тартылатынын анықтау болып табылады.

Егер 2001 жылғы 31 мамырдағы БҰҰ Халықаралық құқық комиссиясының 53-ші сессиясында мақұлданған Халықаралық құқыққа қарсы әрекет үшін мемлекеттер жауапкершілігі туралы баптар жобасына сүйенсек, онда 4 бапқа сәйкес, мемлекеттің кез-келген органының әрекеті, оның заң шығарушы, атқарушы, сот немесе басқаға жататындығы, оның орталық немесе жергілікті болуына тәуелсіз халықаралық құқық бойынша мемлекеттің әрекеті ретінде қарастырылады. Мұндай көзқарас халықаралық құқық теориясында кең таралған мемлекет органдары оның агенттері болып табылады деген пікірді білдіреді. Оған қарама-қайшылық ретінде американдық мемлекеттер ХІХ ғасырдың соңынан бастап, егер мемлекеттік орган өз басшысының нұсқауларын орындаған болса, мемлекет өз органының әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылады. Әйтсе де, Халықаралық құқыққа қарсы әрекет үшін мемлекеттер жауапкершілігі туралы баптар жобасына осындай ережені енгізу бұл мәселеге қатысты еуропалық мемлекеттердің ұстанымдары жалпыға танымал болғандығы туралы қорытынды жасауға болады.

П.М. Куристің айтуы бойынша, халықаралық құқық тек мемлекеттік органдардың белгілі жүйесінің болуын айқын факт ретінде есептейді. Жеке тұлғалардың әрекетін мемлекетке жазып қою үшін ұлттық құқықтың белгілі нормалары арқылы тұлға мен мемлекет арасындағы байланысты орнату, яғни осы тұлға ішкі құқық тарапынан мемлекет органы ретінде әрекет еткендігін орнату жеткілікті [2]. Осылайша, өз егемендігін іске асырып, әр мемлекет сәйкес нормативтік актілерде бекітілген өз органдарының жүйесін дербес түрде анықтайды.

Мемлекеттік органдар түрлі қызметте бола алады, түрлі функцияларды атқарады, сондықтан да халықаралық жауапкершіліктің объективтік негізі де алуан түрлі болады. Заңшығарушы органдардың негізгі функциясы нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудан тұрады, атқарушы органдар мемлекеттік басқаруды іске асырады, сот органдары әділ сотты іске асырады. Бірақ құқық тарапынан мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың барлық функцияларын екі түрге бөлуге болады: құқықтық нормаларды әзірлеу және құқықтық нормаларды іске асыру. Демек, мемлекеттің халықаралық жауапкершілігін жүктейтін нақты әрекеті құқық нормаларын әзірлеу және қолданудың жеке жағдайы бола алады.

Біріншіден, мемлекеттің халықаралық міндеттерін бұзатын нормативтік актіні шығару. Д.Б Левин осындай оқиғаларды халықаралық құқықтың жалпыға танымал нормаларымен қайшы келетін жағдайлармен шектейді [3]. Алайда, бұл жағдайда мемлекеттің халықаралық міндеттерінің талаптарына сәйкес келмейтін ішкі нормативтік актінің мазмұны туралы сөз қозғау қажет. Көбінесе, мемлекеттің халықаралық міндеттерін іске асыру өз аумағының ішіндегі қызметті білдіреді.

Екіншіден, нормативтік актіні қабылдамау. Егер халықаралық міндеттер мемлекет ішінде сәйкес актілер қабылдауды көздесе, онда мемлекеттің осы ережелерді орындамауы оның халықаралық жауапкершілігіне әкеп соқтыруы мүмкін.

Үшіншіден, мемлекеттің халықаралық міндеттер талаптарымен сәйкес өз заңнамасын өзгертпеуі де оның жауапкершілігіне әкеп соқтырады. Заңшығарушы органдарға қатысты осындай нысанға бөлуді П.М. Курис ұсынады [2]. Алайда осы және екінші нысан арасында маңызды айырмашылықтар жоқ. Осылайша, жалпы түрде екі түр туралы сөз қозғауға болады: өз заңнамасын халықаралық міндеттерге сәйкес келтірмеу (қабылдамау, өзгертпеу) және міндеттерге қайшы келетін актіні әдейі қабылдау.

П.М. Курис халықаралық құқық тарапынан арнайы қорғалатын тұлғаға залал келтіру ғана автоматты түрде мемлекеттің өзінде жауапкершілік тудырады. Егер мемлекет тұлғаның өз құқықтарын қорғауға мүмкіндік бермесе, жауапкершілік жүктеледі [2].

Біріншіден, өз мемлекетінен тыс жерде мемлекеттік органның залал келтіруі – бұл да мемлекетке халықаралық жауапкершілік жүктеудің негізі. Екіншіден, өз аумағында жаппай

жеке тұлғаларға залал келтіру де олардың мемлекетін кінәліден халықаралық жауапкершілікке тартылуын талап ете алмайды. Осылайша, егер мемлекет оған өз мүдделерін қорғауға мүмкіндік бермесе ғана жеке тұлғаға залал келтіру жауапкершілікке тартылатыны туралы қорытынды жасауға болады. Осындай тәсілмен келтірілген залал моральдық және мәнді бола алады, ал осыған алып келетін әрекеттер шеңбері өте кең – шағымдар мен резолюциялардан бастап мемлекетті тінтуге немесе оны жоюға дейін.

Әлемдік қауымдастық кез-келген тұлғаға – отандық немесе шетелдік – бұзылған құқығын қалпына келтіру және келтірілген залалды өтеуге мүмкіндік беретін қорғау жүйесін мемлекетте орнатуға ерекше көңіл аударады. Бірінші кезекте сот қорғауы туралы сөз қозғалуда. Сонымен, сот қорғауына құқық 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 2 бабының 3 тармағында бекітілген, ал әділ сот талқылауына құқық 1950 жылғы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропа конвенциясының 6-бабында, 1995 жылғы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы ТМД конвенциясының 6-бабында бекітілген.

Осылайша, мемлекетке халықаралық жауапкершілік жүктейтін мемлекеттік органдар әрекетінің келесі нысандарын атап өтуге болады: өз заңнамасын халықаралық міндеттерге сәйкес келтірмеу, міндеттерге қайшы келетін актілерді әдейі қабылдау, залал келтіру, қорғаудан бас тарту, актіні оның кемшіліктерінен қолдану мүмкіндігінің болмауы.

Мемлекеттік органдар көбінесе оларды құрған мемлекеттің функцияларын атқарады, алайда халықаралық қатынастар тәжірибесінде бір мемлекеттің өз органдарын екіншінің басқаруына ұсынатын жағдайлар да болады. 2001 жылғы 31 мамырдағы БҰҰ Халықаралық құқық комиссиясының 53-ші сессиясында мақұлданған Халықаралық құқыққа қарсы әрекет үшін мемлекеттер жауапкершілігі туралы баптар жобасының 6-бабы осы органдардың қызметі олар басқаруға берілген мемлекетке тиесілі екендігін нақты айтады. Бірақ осы сұрақты осындай тәртіппен шешудің негізгі себебі ұсынылған орган іс жүзінде қабылдаушы мемлекеттің жүйесіне енгізілген, осы мемлекеттің жоғары тұрған органдарының ұйғарымдарын орындайды және оның функцияларын атқаратынында.

Халықаралық құқық үшін органның қызметі мемлекеттің халықаралық міндеттерімен сәйкес келмесе, мемлекеттік орган ішкі заңнаманы бұзған-бұзбағандығы маңызды емес. «Ultra vires» (құзыреттіліктен тыс) деп аталатын қызмет әрқашан сәйкес мемлекетке ауысады. Егер бұрын теорияда мемлекетті халықаралық жауапкершілікке тартуға болады ма деген даулар көп болса, онда қазіргі кезде халықаралық құқықбұзушылықтар үшін мемлекеттердің жауапкершілігі туралы баптар жобасына сәйкес ережені енгізу (7-бап) олардың бұрынғы өзектілігін жоғалтқаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Теориялық түрде мемлекетпен азаматтығы, тұрғылықты орны немесе тіркелген жері жағынан байланысты барлық адамдар, корпорациялар немесе ұйымдардың әрекеті олардың мемлекеттік басқаруға белгілі қатынасы бар-жоқтығына тәуелсіз мемлекетке жүктеле алады. Іс жүзінде мемлекеттің жеке тұлғалар қызметі үшін жауапкершілікке тартылмайтыны туралы нақты жарияланады. Шынында да, егер мемлекет тұлғалардың қызметіне кедергі жасаса немесе құқыққа қайшы қызметті жазаламаса ғана тұлғалардың (жеке және заңды) әрекеті үшін мемлекетті жауапкершілікке тарту әділ.

Халықаралық құқықбұзушылықтар үшін мемлекеттердің жауапкершілігі туралы Баптар жобасы егер іс жүзінде тұлға немесе тұлғалар тобы осындай әрекетті іске асыру барысында осы мемлекеттің жетекшілігімен немесе бақылауымен әрекет етсе, онда олардың әрекеті халықаралық құқық бойынша мемлекеттің әрекеті ретінде қарастырылады (8-бап). Сонымен бірге «нұсқаулар», «жетекшілік» және «бақылау» терминдері балама болып табылады, яғни жауапкершілік жүктеу үшін осы әрекеттердің кез-келгенінің болуын дәлелдеу жеткілікті [4].

Ал мемлекеттердің халықаралық құқықтық жауапкершілігінің туындау негіздерін ғалымдар екі аспектіде қарастырады:

- халықаралық жауапкершілік ненің негізінде туындайды;
- ол қандай әрекет үшін туындайды.

Сондықтан да кейбір авторлар (мәселен, В.А. Василенко, Л.М.Курис және т.б.) халықаралық жауапкершілік негіздерін нормативтік (құқықтық) және фактілікке (заң-фактілік) бөледі.

Нормативтік негіздер шеңберін сызып, оларға тікелей сілтеме жасайтын халықаралық құқықтың белгілі нормасына сүйенуге болмайды. Халықаралық жауапкершілік институтын кодификациялау әлі аяқталмағанын есепке алып, халықаралық жауапкершілік неің негізінде туындайды деген сұрақты қарастырып, мемлекеттер жауапкершілігі туралы Баптар жобасының 3-бабын қарастыруға болады. Осы бапқа сәйкес мемлекет актісінің халықаралық құқыққа қайшылығы халықаралық құқыққа сәйкес анықталады және оған ішкі құқықтың көзқарасы бойынша заңды ретіндегі актінің жіктелуі әсер етпейді. Бұл бап жауапкершіліктің нормативтік негізі туралы айтады ма? Оның негізінде мемлекет әрекетінің құқыққа қайшылығы туралы қорытынды жасалатын нормалар шеңберін анықтайтыны айқын. Демек, халықаралық жауапкершілік негіздері нақты халықаралық құқық аясында орналасқан.

Халықаралық құқық субъектілеріне халықаралық жауапкершілік жүктелетін халықаралық құқықтық актілерді нормативтік негіздер деп атайды. Осындай актілер санына В.А. Василенко, мәселен, мыналарды қосуды ұсынады: халықаралық шарт, халықаралық әдет-ғұрып, халықаралық соттардың шешімдері, мемлекетаралық ұйымдардың шешімдері, мемлекеттердің біржақты халықаралық-құқықтық актілері [1].

Халықаралық жауапкершілікті жүктеудің ықтимал мүмкіндігін халықаралық құқық қағидалары мен нормаларын құрайтыны айқын. Олар түрлі қайнар көздерде айтылуы мүмкін. Қазіргі халықаралық құқық теориясының көзқарасы бойынша халықаралық шарттар мен халықаралық әдет-ғұрыптар сөзсіз халықаралық құқықтың қайнар көздері болып табылады.

Сонымен қатар, жауапкершілік құқықтық қатынастары туындау үшін нақты субъектінің халықаралық құқық нормаларына сәйкес жауапкершілікке тартуына міндеттейтін жеке актіні қабылдау қажет. Осы жеке акт халықаралық құқықтың жәбірленген субъектісінен, не өз функцияларын орындап осындай актіні қабылдайтын субъекіден туындай алады. Мәселен, БҰҰ Жарғысы – халықаралық шарт – Қауіпсіздік Кеңесіне халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау функциясын жүктейді. Осы функцияны іске асырып, Қауіпсіздік Кеңесі халықаралық қауіпсіздік мониторингін іске асыру қажет және кез-келген субъектілер тарапынан ол үшін барлық қауіп жағдайларына жауап қайтару қажет. Осындай жауап қайтару құралдары ретінде осы орган қабылдайтын резолюциялар қызмет етеді. Егер осындай резолюцияда субъектінің халықаралық құқыққа қарсы ретіндегі әрекетіне жол бермеуге нұсқаулық мазмұндалса, онда дәл осындай акт нақты субъектінің халықаралық жауапкершілікке тартылуына нормативтік негіз бола алады.

Халықаралық жауапкершіліктің басқа негізі жауапкершілік қатынастарын тудыратын құқықтық-фактілік немесе заңдық фактілер болып табылады. Осындай жауапкершілік негіздердің бірі құқықбұзушылық болып табылады. Э.Х. де Арчага үш элементті бөледі: белгілі міндетті бұзуды білдіретін әрекет немесе әрекетсіздік, оны субъектіге ауыстыру, әрекет немесе әрекетсіздікті жасау нәтижесі ретінде басқа субъектіге залал келтіру [5].

Мемлекеттер жауапкершілігі туралы Баптардың 2 бабы мемлекеттің құқыққа қарсы актісінің келесі элементтеріне сілтейді: ол мемлекетке халықаралық құқыққа сәйкес жүктеледі және осы мемлекеттің халықаралық міндетін бұзуды мазмұндайды.

Бірінші элемент – субъектіге өтетін әрекеттің өзін қарастырайық. Әрекеттер мен жүктеулерді жеке элементтер ретінде бөлу тәжірибелік те, теориялық та пікірлермен ақталмайды. Әрекеттің құқықбұзушылық элементі ретіндегі жіктелуі оның құқыққа қарсылық критерийлерін білдіреді және анықтайды, және осы әрекеттің кімнен туындайтынын анықтайды. Дәл осындай ұстаным мемлекеттер жауапкершілігі туралы Баптарда көрінісін тапты және сондықтан ол құқықбұзушылықтың жалғыз маңызды элементі – әрекет туралы сөз қозғайтындығы туралы қорытынды жасауға болады.

Мұндай әрекет – субъектінің халықаралық міндеттерді бұзуы екендігі даусыз. Мемлекеттер жауапкершілігі туралы Баптарға сәйкес, егер субъект өз міндеттерінің талаптарына сәйкес әрекет етпесе, оның туындауы немесе ерекшеліктерін есепке алмаса,

осындай бұзушылық орын алады. Егер осыны халықаралық құқықтың барлық субъектілеріне қатысты жалпылауға тырысса, онда субъектінің құқыққа қарсы әрекеті оның халықаралық құқық нормаларына сәйкес оған жүктелетін халықаралық міндеттерінің кез-келген бұзылуын құрайды. Бұған қоса, тек міндетті тікелей бұзу ғана емес, сонымен қатар өз міндеттерін елемеді де осындай міндетті бұзу ретінде қарастырған жөн.

Келесі элемент – құқыққа қарсы тәртіппен келтірілген залал. Жоғарыда атап өтілгендей, мемлекеттер жауапкершілігі туралы Баптар құқықбұзушылықтың дербес элементі ретінде залал келтіруді атамайды. Э.Х. де Арчаганың пікірі бойынша, бұл толығымен дәлелденбеген. Оның ойынша, «халықаралық міндетті орындамау қажетті элемент, бірақ халықаралық деликт жасаған жағдайда жеткіліксіз. Құқық бұзушы мемлекет пен жәбірленген мемлекет арасында жауапкершілік қатынастары туындау үшін тағы бір қосымша шарт қажет: жәбірленген мемлекетке келтірілген залалдың болуы» [5].

Біздің ойымызша, бұл көзқараспен келіскен жөн. Құқықбұзушылықта залал келтіру элементі әрқашан да болады. Басқа сөзбен айтқанда, құқықбұзушылық әрқашан залал келтіреді. Сонымен қатар, жауапкершілік жүктеу көбінесе осындай залалды өтеуден тұрады, сондықтан оның мөлшерін анықталатындай, құқықбұзушылықтан залал қандай бола алатынын анықтау қажет. Залал материалдық секілді, материалдық емес те бола алатыны айқын. Бірінші жағдайда залал белгілі субъектінің мүліктік саласына келтіріледі, екіншісінде – саяси немесе моральдық. Мүліктік салаға залал әр түрлі мүліктік шығындарда және қосымша өндірілген шығындарда көрінеді. Оған белгілі мүлікті жоғалту, оны қалпына келтіру немесе ауыстыру бойынша шығындар, аумақтық шығындар және т.б. жатады. Материалдық емес залал – субъектінің беделі және ар-намысына залал, оның егемендігін шектеу. Залалдың аралас нысанда келтірілуі де мүмкін.

Залалдың мөлшерін анықтаудың нақты критерийлері келтірілмегендігін атап өткен жөн, себебі бұл жағдайда залал қандай көлемде келтірілсе, сондай мөлшерде өтеледі. Жауапкершілік мөлшері шектелген жағдайлар ерекшелікті құрайды. Осындай жағдайларда келтірілген залалдың мөлшері тек түрлі жәбірленушілер арасында өтелетін жалпы соманы үлестіруге әсер ете алады. Осылайша, халықаралық жауапкершілікті жүктеу аясында субъектінің нақты әрекетімен тікелей байланысты залал ғана өтелмейтіндігі туралы қорытынды жасауға болады.

Мемлекетшілік құқықбұзушылықтарда кінә секілді элементті ерекше атап өтеді. Халықаралық құқықбұзушылықтың элементі ретінде кінәні енгізуді жақтаушылар мен қарсыластардың ұстанымдарын зерттеп, Э. Х. де Арчага халықаралық жауапкершілікте кінә әрекеттің құқыққа қайшылығына синоним ретінде болатынын атап өтеді. Оның пікірінше, бұл халықаралық сот және арбитраж органдарының шешімдерімен расталады [5].

Көбінесе осы элементтің субъективтік мазмұны объективтікке жол берді. Осылайша, Ю.М. Колосовтың пікірінше, халықаралық құқықта «кінә туралы сұрақ субъектінің әрекетіне психикалық қатынасымен байланысты, ал жауапкершілікті жүктейтін жағдайлардың жиынтығының болуына және жауапкершіліктен босату негіздеріне тәуелді шешіледі» [6].

Шынында да, дәстүрлі құқықтық түсінікте кінә әрекетке психикалық қатынас ретінде халықаралық қатынастарда қолданыла алмайды. Кінә тек психикасы бар субъектілерде болады. Мұндай субъект тек адам бола алады. Халықаралық құқықтың ешбір субъектісінде психика жоқ. Сондықтан да құқықбұзушылықтың субъективтік элементтерінің объектіленуі жүргізіледі. Әрине, халықаралық жауапкершілікке қатысты «кінә» термині қолданылмайтындығын елестету мүмкін емес. Бірақ жауапкершілікті ауыстыру үшін осы элемент мәнін төмендетудің белгілі тенденциясын байқауға болады. Осындай тенденцияны, жеке алғанда, И.И. Лукашук атап өтеді. Ол сонымен қатар, кінә халықаралық-құқыққа қарсы әрекеттің элементі болып табылмайды деген пікірді ұстанады. Ал оның себептерін халықаралық заңдылықты бекіту және халықаралық жауапкершілікке бұлтартпастық қасиетін иелену қажеттігінде көреді [7]. «Халықаралық заңдылық» терминінің дұрыстығына қатысты дауласуға болады, бірақ кінәні элементтер қатарынан алып тастау құқықбұзушыны кінәнің болмауына сілтеме жасап, жауапкершіліктен босатылу мүмкіндігінен айыратыны даусыз.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Василенко В.А., Давид В. Механизм охраны международного правопорядка. Брно. 1986. С. 227.
2. Курис П.М.; Международные правонарушения и ответственность государства. Вильнюс: Минтис, 1973. – с.278
3. Левин Д.Б. Ответственность государств в современном международном праве. М. 1966. С. 114-115.
4. Комментарий к Проекту статей об ответственности государства за международно-противоправные деяния, одобренный Комиссией международного права ООН на 53-ей сессии 31 мая 2001 года // Report of the International Law Commission on the work of its Fifty-third session, Official Records of the General Assembly, Fifty-sixth session, supplement No.10(a/56/10), chp.IV.E
5. М.В. Нематериальная ответственность государств в современном международном праве. Автореферат кандидатской диссертации. Казань, 2009г.
6. Курс международного права. В семи томах. Т.3, отв. ред. Ушаков Н.А., М. 1990. С. 240.
7. Лукашук И.И. Право международной ответственности. М. 2004. С. 228-233.